We consider third-order linear integro-differential equation with a small parameter at the two highest derivatives

$$L_{\varepsilon}y \equiv \varepsilon^2 y''' + \varepsilon A_0(t)y'' + A_1(t)y' + A_2(t)y = F(t) + \int_0^1 \sum_{i=0}^2 H_i(t,x)y^{(i)}(x,\varepsilon)dx \quad (1)$$

with the boundary conditions

$$h_1 y \equiv y(0, \varepsilon) = \alpha, \quad h_2 y \equiv y'(0, \varepsilon) = \beta, \quad h_3 y \equiv y(1, \varepsilon) = \gamma, \quad (2)$$

where $\varepsilon > 0$ – small parametr, $0 < t_0 < 1$, and α, β, γ – known constants.

The aim of this paper is to bring asymptotic estimation of the solution of a singularly perturbed boundary value problem with initial jumps and the asymptotic convergence of the solution of a singularly perturbed initial value problem to the solution of an unperturbed initial value problem. An integro-differential equations, three-point boundary problems are considered only in the case of a higher derivative with the phenomenon of initial jumps (see [1, 2]).

References

1. Dauylbaev M.K., Mirzakulova A.E. Boundary-Value Problems with Initial Jumps for Singularly Perturbed Integrodifferential Equations // Journal of Mathematical Sciences, April 2017, Vol. 222, Issue 3, p. 214-225.
2. Dauylbayev M. K., Artykbayeva Zh., Konysbaeva K. Asymptotic behavior of the solution of a singularly perturbed three-point boundary value problem with boundary jumps. // International Journal of Mathematics and Physics 10, № 2, 47 (2019), p. 47-52.

СИНГУЛЯРЛЫ АУЫТҚЫҒАН ТЕНДЕУ ҮШІН БАСТАПҚЫ СЕКІРІСТІ ШЕТТІК ЕСЕП ТУРАЛЫ

Бірлік Ділнұр

Ғылыми жетекші: Конисбаева.К.Т

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

e-mail: ddkk2823@gmail.com

Үшінші ретті сингулярлы ауытқыған дифференциалдық тендеуді

$$L_\varepsilon y \equiv \varepsilon y''' + A_1(t)y'' + A_2(t)y' + A_3(t)y = F(t) + \int_0^1 \sum_{i=0}^2 H_i(t,x)y^{(i)}(x,\varepsilon)dx \quad (1)$$

келесі шекаралық шарттармен қарастырайық:

$$\begin{aligned} h_1 y &\equiv y(0,\varepsilon) = \alpha, \\ h_2 y &\equiv y'(0,\varepsilon) = \beta, \\ h_3 y &\equiv y(1,\varepsilon) = \gamma, \end{aligned} \quad (2)$$

мұндағы $\varepsilon > 0$ – кіші параметр, ал α, β, γ – белгілі тұрақты шамалар.

Келесі шарттар орындалсын дейік:

1. $A_i(t), i = \overline{1,3}$, $F(t)$ функциялары $0 \leq t \leq 1$ аралығында, ал $H_0(t,x), H_1(t,x), H_2(t,x)$ функциялары $D = \{0 \leq t \leq 1, 0 \leq x \leq 1\}$ аймағында үзіліссіз дифференциалданады.

2. $A_1(t) = \text{const} > 0$, $0 \leq t \leq 1$.

3. $\mu^2 + A_0(t)\mu + A_1(t) = 0$ тендеуінің түбірлері $\mu_1(t) \neq \mu_2(t)$ және $\mu_1(t) < 0, \mu_2(t) > 0$ болсын.

$$4. \begin{vmatrix} h_1 y_1(t,\varepsilon) & h_1 y_2(t,\varepsilon) & h_1 y_3(t,\varepsilon) \\ h_2 y_1(t,\varepsilon) & h_2 y_2(t,\varepsilon) & h_2 y_3(t,\varepsilon) \\ h_3 y_1(t,\varepsilon) & h_3 y_2(t,\varepsilon) & h_3 y_3(t,\varepsilon) \end{vmatrix} \neq 0$$

Теорема Егер I-IV шарттар орындалса, онда (1), (2) шекаралық есептің $[0,1]$ кесіндісінде шешімі бар, жалғыз және келесі формуламен анықталады:

$$z(t,\varepsilon) = \sum_{i=1}^3 C_i \Phi_i(t,\varepsilon) + \frac{1}{\varepsilon} \int_0^t K_1(t,s,\varepsilon) F(s) ds$$

Әдебиеттер

1. Касымов К.А., Шарипова Ж.У. Асимптотические оценки решения краевой задачи для сингулярно возмущенных линейных дифференциальных уравнений третьего порядка // Вестник КазГУ, серия мат. 1994. вып. 1. с. 146-150

НӨЛ ӨЛШЕМДІ КӨПБЕЙНЕЛІКТЕР БОЙЫНША ЖҮКТЕЛГЕН ЖЫЛУӨТКІЗГІШ ТЕҢДЕУІНІҢ ШЕШІМІН ТҰРАҚТАНДЫРУ

Ділдәбекқызы Ж.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Касымбекова А.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

e-mail: zhansayadildabekkyzy@gmail.com

Аннотация: Жұмыста жүктелген жылуөткізгіш теңдеуінің шешімін тұрақтандыру мәселесі зерттеледі. Тұрақтандыру есебі облысын кеңейту арқылы және көмекші есепті құрастыру арқылы шығарылады [1]. Шеттік есепті тұрақты жағдайға алып келетін басқаруды таңдау алгоритмі ұсынылып отыр [2].

Мамандар арасында тұрақтандыру есептері көптеген жұмыстарда зерттелінеді. Соның ішінде жүктелген параболалық теңдеулермен [3] сипатталатын екі өлшемді және көп нүктелер жағдайлары қарастырылған [4]. Параболалық теңдеуінің тұрақтандыру есебінде, шекаралық есептің шешімін, $t \rightarrow \infty$ болғанда, $\exp(-\sigma_0 t)$ жылдамдығымен тұрақты қалпына келтіретін шекаралық басқаруды таңдау болып табылады.

Есептің қойылымы. Бастапқы шекаралық есептің

$$y_t(x, t) - y_{xx}(x, t) + \sum_{m=1}^M \alpha_m y(x_m, t) = 0, \quad \{x, t\} \in Q$$

$$y\left(-\frac{\pi}{2}, t\right) = u_1(t), \quad y\left(\frac{\pi}{2}, t\right) = u_2(t) \quad y(x, 0) = y_0(x)$$

$y(x, t)$ шешімі $t \rightarrow \infty$ болғанда, нөлге келесі түрде жақындау үшін:

$$\|y(x, t)\|_{L_2(-\frac{\pi}{2}, \frac{\pi}{2})} \leq C_0 e^{-\sigma_0 t} \quad \text{мынадай басқаруларын табу керек: } u_1(t), u_2(t) \in L_2(0, \infty).$$

Мұндағы: $Q = \left\{x, t \mid -\frac{\pi}{2} < x < \frac{\pi}{2}, t > 0\right\}$, $\{\alpha_m, m = 1, \dots, M\} \subset \mathbb{C}$ - берілген комплекс сандар, $\{x_m, m = 1, \dots, M\} \subset \left(-\frac{\pi}{2}, \frac{\pi}{2}\right)$ - бекітілген нүктелер, σ_0 - берілген оң сан, $y_0(x) \in L_2\left(-\frac{\pi}{2}, \frac{\pi}{2}\right)$

Жылуөткізгіш теңдеуінің тұрақтандыру есебін шешу алгоритмі [2]:

1. Бастапқы шекаралық есепке сәйкес, $\left(-\frac{\pi}{2}; \frac{\pi}{2}\right)$ шекарасында берілген $y_0(x)$ функциясының облысын $(-\pi; \pi)$ аралығында кеңейтеміз.

2. Біз екінші ретті жүктелген қарапайым дифференциалдық операторға арналған спектрлік есепті шешеміз және $(-\pi, \pi)$ интервалға функциялардың толық биортогональды жүйесін құрамыз.

3. Алдыңғы қадамда құрастырылған толық биортогональды жүйе бойынша $(-\pi, \pi)$ аралығындағы $z_0(x)$ функциясының жіктелген коэффициенттерін табамыз.

4. $u_1(t)$ және $u_2(t)$ шекаралық басқару элементтерін $z(x, t)$ шешімінің іздері ретінде табамыз.

Әдебиеттер

1. Фурсиков А.В. Стабилизируемость квазилинейного параболического уравнения с помощью граничного управления с обратной связью // Матем. сборник-2001.-Т.192,№4.-б.115-160
2. Дженалиев М.Т., Рамазанов М.И. Стабилизация решения уравнения теплопроводности, нагруженного по нульмерным многообразиям, с помощью граничных уравнений.-Мат. журнал, 2015.-Том 15, №4.-33-53 б.
3. Дженалиев М.Т., Рамазанов М.И. Нагруженные уравнения как возмущения дифференциальных уравнений.-Алматы: Ғылым, 2010.-335 б.
4. Jenaliyev M.T., Imanberdiyev K.B., Kassymbekova Spectral problems arising in the stabilization problem for the loaded heat equation: a two-dimensional and multi-point cases

P-ЛАПЛАСТЫ ПАРАБОЛАЛЫҚ ТЕҢДЕУДІҢ ШЕШІМІНІҢ САПАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Әшір Г.

Ғылыми жетекші: ф.-м.ғ.к., доцент Хомпыш Х.
 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
 e-mail: gulbarshyn.ash13@gmail.com

Есептің қойылымы. $Q_t = \Omega \times (0, \infty)$, $\Omega = (0, l)$ облысында келесі

$$u_t - k(|u_x|^{q-2} u_x)'_x - \mu(|u_x|^{p-2} u_x)'_x + \gamma|u|^{m-2} u = 0 \quad (1)$$

теңдеуді,

$$u(x, 0) = u_0(x), x \in (0, l) \quad (2)$$

бастапқы шартты,

$$u(0, t) = u(l, t) = 0, t \in (0, T] \quad (3)$$

шекаралық шартты қанағаттандыратын бастапқы-шеттік есепті қарастырайық.

Мұндағы $u_0(x)$ белгілі функция және $p, q, m > 1$, $k, \gamma, \mu > 0$ берілген нақты сандар.

Бұл есептің шешімі үшін келесі теоремалар орынды.

Теорема 1 Айталық $\gamma \geq 0$ және $u_0(x) \in L^2(\Omega) \cap V_q(\Omega)$ болсын. Егер $\max\{2, q\} \leq p$ болса онда $\forall t \geq 0$ үшін:

$$\Phi(t) \leq \Phi(0)(1 + tC_1(\alpha - 1)\Phi^{(\alpha-1)}(0))^{-\frac{1}{\alpha-1}}$$

теңсіздігі орынды, яғни $t \rightarrow \infty$ ұмтылғанда $\Phi(t)$ энергетикалық функциясы

дәрежелік функциядан аспайтын кемитін болады, мұндағы $\alpha = \frac{p}{\beta} > 1$ және $\beta = \min\{2, q\}$,

$$\Phi(t) = \frac{1}{2} \|u\|_2^2 + \frac{1}{q} \|u_x\|_q^q$$

Теорема 2 Айталық $\gamma > 0$ және $u_0(x) \in L^2(\Omega) \cap V_q(\Omega)$ болсын. Егер $p = q, m = 2$ немесе $q = p = 2$ болса, онда барлық $t \geq 0$ үшін:

$$\Phi(t) \leq \Phi(0)e^{-Ct}$$

теңсіздігі орынды, яғни экспоненциалды кемиді.

ДҰРЫС ҮШБҰРЫШТЫ ЖҮЙЕ ТУРАЛЫ

Жақсылық Д.Қ.

Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.д., профессор Алдибеков Т.М.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

e-mail: dynar1999@gmail.com

Сызықты біртекті үшбұрышты дифференциалдық теңдеулер жүйесі қарастырылады :

$$\frac{dx}{dt} = A(t)x \quad (1)$$
$$t \in I_t^+ \equiv [0, +\infty), \quad A(t) \in C(I_t^+), \quad \sup_{t \in I_t^+} \|A(t)\| < \infty$$

$$A(t) = [a_{jk}(t)] \in C(I_t^+), \quad a_{jk}(t) = 0, \quad j < k, \quad j = 1, \dots, n; \quad k = 1, \dots, n;$$

шенелген үзіліссіз үшбұрышты матрица.

Егер (1) үшбұрышты сызықты біртекті дифференциалдық теңдеулер жүйесі Ляпунов бойынша дұрыс сызықты біртекті дифференциалдық теңдеулер жүйесі болса, онда (1) үшбұрышты сызықты жүйенің келесі түрдегі қалыпты фундаменталдық матрицасы табылады

$$X(t) = \Phi(t)e^{\int_{t_0}^t D(t_1)dt_1}$$

мұнда $D(t) = \text{diag}[a_{11}(t), \dots, a_{nn}(t)]$ диагональдық матрица, ал $\Phi(t)$ матрицасына кері матрица $\Phi^{-1}(t)$ бар және олардың Ляпунов көрсеткіштері нөлге тең, яғни

$$\chi[\Phi(t)] = \chi[\Phi^{-1}(t)] = 0$$

Әдебиеттер

1. Демидович Б.П. Лекции по математической теории устойчивости. – М., 1967. – 472 с.
2. Алдибеков Т.М. Обобщенные показатели Ляпунова. – Алматы. «Қазақ университеті», 2011. – 254 с. 2-изд. 2018.
3. Алдибеков Т.М. Дифференциалдық теңдеулер. – Алматы. «Қазақ университеті», 2018. – 255 б.

ANALYSIS OF MATHEMATICAL MODELS OF EPIDEMIC DEVELOPMENT

Abdibekova A. N

Scientific supervisor: Dr. Phys.-Math., Professor Serovaysky S. Y.

Al-Farabi Kazakh National University

e-mail: derivativeofr@gmail.com

In connection with the development of the COVID-19 pandemic, the study of mathematical models of the development of epidemics is of particular interest. The main objective of this work is to perform a qualitative and quantitative analysis of the SIR and SEIRD models in order to determine their degree of compliance with the actual course of the epidemic. The SIR model is a system of three differential equations:

$$\frac{dS}{dt} = -\beta SI, \quad \frac{dI}{dt} = \beta SI - \gamma I, \quad \frac{dR}{dt} = \gamma I$$

with the corresponding initial conditions, where $S(t)$ is the number of susceptible individuals, $I(t)$ is the number of infected, $R(t)$ is the number of recovered individuals, β is the probability of getting the disease in case of contact of a susceptible individual with an infected person, γ is the rate of recovery, N is the total population [1].

From the qualitative analysis of the system, it follows that the total population does not change over time, the number of susceptible individuals decreases monotonously, the number of recovered individuals increases, and the number of sick people does not change monotonously. We also note that the number of infected people tends to zero, which means that the epidemic is ending.

Numerical analysis has shown that the most effective way to control the spread of the epidemic is to reduce the parameter interpreting the probability of contact between infected and susceptible individuals. It should be emphasized that the data obtained during the numerical analysis are consistent with the predictions of the qualitative analysis.

The disadvantage of the model is that due to its simplicity, it does not take into account such parameters as the incubation period and mortality, so we move to a more accurate SEIRD model, which is expressed by the following set of differential equations :

$$\frac{dS}{dt} = -\frac{\beta SI}{N}, \quad \frac{dE}{dt} = \frac{\beta SI}{N} - \alpha E - \mu E, \quad \frac{dI}{dt} = \alpha E - \gamma I - \mu I, \quad \frac{dR}{dt} = \gamma I, \quad \frac{dD}{dt} = \mu I + \mu E$$

with the corresponding initial conditions, where $E(t)$ is the number of hospitalized individuals, $D(t)$ is the fatal cases of the disease among the population, μ is the mortality rate, and α is the inverse of the average incubation period of the disease.

From the qualitative analysis of the system, it follows that the total population does not change over time, there is an intensive growth (the growth of infected and hospitalized people), a decrease in the growth of the epidemic (the growth of hospitalized people, but a decrease in infected people), and a decline in the epidemic (a monotonous decrease in these characteristics). The main conclusion is that in equilibrium, the number of infected is zero, which means that the epidemic is ending. Using the parameter estimates obtained during the quantitative analysis of the model at different stages of the epidemic process, it is worth noting that with a certain combination of parameters, not all the stages presented in the quantitative analysis are present.

After analyzing the result, we come to the conclusion that the model under consideration does not take into account the factors inherent in a large-scale epidemic. In further studies, it is worth considering, firstly, that for the practical application of the results, it is necessary to adjust the model parameters based on the available information (solving the inverse problem), and secondly, due to the large growth of the epidemic, it is necessary to take into account random variables (transition to a stochastic model), and it is also necessary to consider the limited time spent in groups of patients and contacts, which will be the main factor in the future model.

References

1. <https://nplus1.ru/material/2019/12/26/epidemic-math>

Раздел 2 ТЕОРИЯ ФУНКЦИЙ, АЛГЕБРА И ЛОГИКА

СЛОЖНОСТЬ РЕШЕТКИ КВАЗИМНОГООБРАЗИЙ АЛГЕБР ЛУКАСЕВИЧА

С.М. Луцак, О.А. Воронина

Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, г.Петропавловск
e-mail: sveta_lutsak@mail.ru

Согласно М.В. Сапиру [1], квазимногообразия \mathbf{K} называется Q -универсальным, если для любого квазимногообразия \mathbf{K}' конечной сигнатуры решетка $Lq(\mathbf{K}')$ является гомоморфным образом некоторой подрешетки в $Lq(\mathbf{K})$, то есть $Lq(\mathbf{K}') \in \mathbf{HS}(Lq(\mathbf{K}))$. Решетку подквазимногообразий (решетку квазимногообразий) $Lq(\mathbf{K})$ квазимногообразия \mathbf{K} в этом случае называют Q -универсальной. Отметим, что Q -универсальность свидетельствует о максимальной сложности в теоретико-решеточном смысле.

Пусть $P_{fin}(X)$ обозначает множество конечных подмножеств в X , для произвольного множества X . Пусть ω обозначает множество натуральных чисел. Пусть $\mathbf{A} = \{\mathcal{A}_X | X \in P_{fin}(\omega)\}$ – класс конечных систем. Рассмотрим следующие свойства [2]:

(P₁) \mathcal{A}_\emptyset является тривиальной системой;

(P₂) если $X = Y \cup Z$ в $P_{fin}(\omega)$, то $\mathcal{A}_X \in \mathbf{Q}(\mathcal{A}_Y, \mathcal{A}_Z)$;

(P₃) если $\emptyset \neq X \in P_{fin}(\omega)$ и $\mathcal{A}_X \in \mathbf{Q}(\mathcal{A}_Y)$, то $X = Y$;

(P₄) если $\mathcal{A}_X \leq \mathcal{B}_0 \times \mathcal{B}_1$ для некоторых конечных систем $\mathcal{B}_0, \mathcal{B}_1 \in \mathbf{Q}(\mathbf{A})$, то существуют $Y_0, Y_1 \in P_{fin}(\omega)$, такие что $\mathcal{A}_{Y_0} \in \mathbf{Q}(\mathcal{B}_0)$, $\mathcal{A}_{Y_1} \in \mathbf{Q}(\mathcal{B}_1)$, $X = Y_0 \cup Y_1$.

В работе М. Адамса и В. Дзебьяка [3] было доказано, что если квазимногообразия \mathbf{K} конечной сигнатуры содержит класс конечных систем $\mathbf{A} = \{\mathcal{A}_X | X \in P_{fin}(\omega)\}$, обладающий свойствами (P₁) – (P₄), то решетка подквазимногообразий $Lq(\mathbf{K})$ квазимногообразия \mathbf{K} Q -универсальна и, более того, решетка идеалов свободной решетки счетного ранга вложима в решетку $Lq(\mathbf{K})$.

Первый пример Q -универсального квазимногообразия был найден М.В. Сапиром [1]. В работе [4] А.М. Нуракунов доказал Q -универсальность квазимногообразия точечных абелевых групп. К настоящему времени известно очень много Q -универсальных классов алгебраических систем и их число постоянно растет.

Нами получен следующий результат. Пусть $\mathcal{A}_n = (\{0, \frac{1}{n}, \dots, \frac{n-1}{n}, 1\}, \rightarrow, \neg)$, $n \geq 1$, – алгебра с операциями, определенными следующим образом: для всех x, y , $x \rightarrow y = \min\{1, 1 - x + y\}$ и $\neg x = 1 - x$. Эта алгебра носит название алгебры Лукасевича.

Напомним, что многообразия – это квазимногообразия, замкнутое относительно гомоморфных образов. Пусть \mathbf{M} – многообразия всех алгебр Лукасевича, и пусть $Lq(\mathbf{M})$ – решетка подквазимногообразий (или просто решетка квазимногообразий) многообразия \mathbf{M} .

Теорема. Решетка $Lq(\mathbf{M})$ является Q -универсальной.

Данное исследование финансируется Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (грант № AP09058390).

Литература

1. Sapir M.V. The lattice of quasivarieties of semigroups // Algebra Univers. – 1985. – Vol. 21, № 2/3. – P. 172-180.
2. Dziobiak W. On subquasivariety lattices of some varieties related with distributive p-algebras // Algebra Univers. – 1985. – Vol. 21, № 1. – P. 62-67.
3. Adams M.E., Dziobiak W. Q-universal quasivarieties of algebras // Proc. Amer. Math. Soc. – 1994. – Vol. 120, № 4 – P. 1053-1059.
4. Нуракунов А.М. Решетки квазимногообразий точечных абелевых групп // Алгебра и логика. – 2014. – Т. 53, № 3. – С. 372-400.

CLASSIFICATION OF FINITE-DIMENSIONAL REVERSE-ASSOCIATIVE ALGEBRAS

Tulenbayev K.M., Nurzhauov S.D

Al-Farabi Kazakh National University

e-mail: kaysar1@mail.ru . dzhmartovich@mail.ru

A nonassociative algebra A over a field K is called a Reverse-associative algebras, if it satisfies the following identity: $a(bc)=(cb)a$

Reverse – associative algebras were introduced by A.S. Dzhumadil'daev in [1]

Theorem 1: $A^2 = A^+ + A^-$. Intersection $A^+ \cap A^- \subseteq Z(A)$

REMARK: Any two –dimensional algebra must be commutative and associative or a Lie algebra.

Theorem 2: $imA^2 = m$, $\dim(A^+ \cap A^-) = t$, A^+ and A^- are invariants of n - dimensional Reverse –associative algebra A .

Funding: The first author is supported by the MES RK grant AP08855944.

Keywords: Non associative algebras, Reverse –associative algebras.

References

1. A.S .Dzhumadil'daev Associative –admissible algebras . Annual International April Mathematical Conference Thesis. (2020).13-14

DISTRIBUTIVITY OF LATTICES OF SUBVARIETIES OF VARIETIES OF BICOMMUTATIVE ALGEBRAS

Bekzat K. Zhakhayev, Aiken Kazin

Suleyman Demirel University

e-mail: bekrat22@hotmail.com, aikenkazin@gmail.com

An algebra with identities

$$a(bc)-b(ac)=0, (ab)c-(ac)b=0.$$

is called *bicommutative*. For more details see [1], [2].

In [3] Bokut formed the following question: Describe (in terms of identities) varieties of rings (respectively algebras) with a distributive lattice of subvarieties.

In [4] Ananin and Kemer described in terms of identities varieties of associative algebras over a field K of characteristic 0.

In this work, we are investigated Bokut's question for varieties of bicommutative algebras.

Theorem. Let B be a variety of bicommutative algebras over a field K of characteristic zero. The lattice of subvarieties of variety B is distributive if and only if for some $\alpha, \beta, \gamma, \delta \in K$, $((\alpha, \beta) \neq (0, 0), (\gamma, \delta) \neq (0, 0))$ all algebras in B satisfy the following identities

$$\alpha(aa)a + \beta a(aa) = 0, \quad \gamma[a, b]a + \delta a[a, b] = 0,$$

where $[x, y] = xy - yx$ is commutator.

Funding: The first author was supported by the grant no. AP08052405 of the Ministry of Education and Science of Republic of Kazakhstan.

Keywords: bicommutative algebra, variety of algebras, lattice of subvarieties

2010 Mathematics Subject Classification: 17D99, 20C30

References

1. Dzhumadil'daev A.S., Tulenbaev K.M. Bicommutative algebras, Uspekhi. Mat. Nauk, V. 58, Issue 6(354), (2002), 165-190.
2. Dzhumadil'daev A.S., Ismailov N.A., Tulenbaev K.M., Free bicommutative algebras, Serdica Mathematical Journal, V. 37, (2011), 25-44.
3. Dniestr Notebook: Unsolved Problems in the Theory of Rings and Modules, Mathematics Institute, Russian Academy of Science Siberian Branch, Novosibirsk, 1976 (in Russian)
4. Ananin A.Z., Kemer A.R. Varieties of associative algebras whose lattices of subvarieties are distributive Siberian Math. J., V. 17, (1976), 723-730.

РИМАНДЫҚ КӨПБЕЙНЕДЕГІ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ОПЕРАТОРЛАР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Қ.А. Досмағұлова

Ғылыми жетекші: ф.-м.ғ.д., профессор Б.Е. Кангужин

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

e-mail: karlygash.dosmagulova@gmail.com

Түйін сөздер: Римандық көпбейне, дифференциалдық операторлар, топологиялық кеңістіктер, симметриялық кеңістіктер.

Көпбейне ұғымы евклидтік кеңістікке ұқсас топологиялық кеңістікті анықтайды. Көпбейнелер геометрия саласының іргетасы болып табылады және күрделі құрылымдарды қарапайым топологиялық қасиеттер ұғымы тұрғысынан сипаттауға мүмкіндік береді. Декарттық координаталар құрылымдары осы топологиялық қасиеттерге ие деп саналады. Тегіс көпбейне ұғымын кейбір деректерде ерекше кеңістік түрінде қарастырып, нақты кеңістік емес екендігін дәлелдеген. Сонымен қатар, топологиялық көпбейнелер ақырлы сызықты кеңістік құрайтын тегіс көпбейне ретінде қабылданады. Басқаша айтқанда, эллипсоид бетін тегіс көпбейне тұрғысынан бейнелеуге болады. Әрбір нақты құрылымның евклид кеңістігінде өзіндік көрінісі бар және Риман көпбейнесін евклид кеңістігі деп санауға болады.

Математикалық мағынасына сәйкес бірнеше теорема енгізуге болады. Сонымен қатар, Риман көпбейнесіне қатысты Лаплас операторын қарастыруға болады. Лаплас операторының математикалық физика саласында және функциялар теориясында алатын рөлі маңызды.

Көпбейне арқылы анықталған дифференциалдық операторлар зерттеулерінің шынайы қолданысы медицинада зерттелген. Қазіргі таңда маңызды зерттеу биотехнология саласында, яғни полимерлерді пайдалану арқылы гендермен амалдар құрастыру қажеттігі жоғары. Бұл зерттеу полимерлердің математикалық моделінің тұрпатын анықтауға бағытталған. Сондықтан римандық беттерді пайдалану мүмкіндігі модельді құрастыруға жол ашады.

Аса маңызды ұғым ретінде симметриялық кеңістіктерге тоқталуға болады. Бұл кеңістіктер псевдоримандық кеңістіктер ретінде анықталған. Байланысқан римандық көпбейне симметриялық болу үшін оның қисығының тензоры инвариантты болуы жеткілікті. Жалпы римандық көпбейне симметриялық болу үшін әрбір нүктесі изометрия түрінде бар болуы тиіс. Римандық кеңістіктер физикада, математикада және химияда қолданысы бар болғанмен, ең маңызды рөлі гомология теориясында айқындалған.

Әдебиеттер

1. Kanguzhin BE, Anijarov AA. Well-posed problems for the Laplace operator in a punctured disk. *Math Notes*. 2011;89(6):819–829. doi:10.4213/mzm8767.
2. Rabha W. Ibrahim, Maslina Darus. New Symmetric Differential and Integral Operators Defined in the Complex Domain // *Symmetry* 2019, 11, 906; doi:10.3390/sym11070906.
3. Claudiu N. Lungu, Ireneusz P. Grudzinski. Riemann-Symmetric-Space-Based Models in Screening for Gene Transfer Polymers // *Symmetry* 2019, 11, 1466; doi:10.3390/sym11121466.

ӨЗІНЕ-ӨЗІ ТҮЙІНДЕС ОПЕРАТОРЛАРҒА ЖАҚЫН ОПЕРАТОРЛАРДЫҢ ЖОРДАН КЛЕТКАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Даулетбай Б.Н.

Ғылыми жетекші: ф.-м. ғ. д., профессор Кангужин Б.Е.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

e-mail: bekarys9809@gmail.com

Гильберт кеңістігінде анықталған B_0 өзіне-өзі түйіндес операторы берілсін. $B_\varepsilon = B_0 + \varepsilon P$ оператор-мәнді функциясы B_0 операторының *сызықтық ауытқуы* деп аталады, мұндағы ε – жеткілікті аз скаляр шама, ал P – Гильберт кеңістігінде анықталған кез келген сызықтық оператор.

Мақсат: өзіне-өзі түйіндес B_0 операторының спектралды қасиеттерін қолдана отырып және ε – жеткілікті аз скаляр шама екенін ескере отырып, B_ε оператор-функциясының P операторына байланысты қасиеттерін зерттеу.

Мысалы: R^n кеңістігінде B_0 және P операторлары матрицалар түрінде

$$B_0 = \begin{pmatrix} b_{11} & b_{12} & \dots & b_{1n} \\ b_{21} & b_{22} & \dots & b_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ b_{n1} & b_{n2} & \dots & b_{nn} \end{pmatrix}, P = \begin{pmatrix} p_{11} & p_{12} & \dots & p_{1n} \\ p_{21} & p_{22} & \dots & p_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ p_{n1} & p_{n2} & \dots & p_{nn} \end{pmatrix} \quad \text{берілсін.} \quad \text{Онда} \quad B_\varepsilon = B_0 + \varepsilon P$$

оператор-функциясының λ_ε меншікті мәндері келесі түрде анықталады:

$$\lambda_\varepsilon = \lambda_0 + \varepsilon \cdot \frac{\sum_{k=1}^n (-1)^{n-k} \xi'_k(0) \lambda_0^{n-k}}{\sum_{k=1}^n (-1)^{n-k} (n-k+1) \xi_{k-1}(0) \lambda_0^{n-k}} + o(\varepsilon),$$

мұндағы λ_0 – B_0 операторының меншікті мәні, $\xi_0(0) = 1$; $\xi_1(0) = b_{11} + b_{22} + \dots + b_{nn}$;

$$\xi_2(0) = \sum_{i < k} \begin{vmatrix} b_{ii} & b_{ik} \\ b_{ki} & b_{kk} \end{vmatrix}; \quad \xi_n(0) = \begin{vmatrix} b_{11} & b_{12} & \dots & b_{1n} \\ b_{21} & b_{22} & \dots & b_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ b_{n1} & b_{n2} & \dots & b_{nn} \end{vmatrix}; \quad \xi'_1(0) = p_{11} + \dots + p_{nn}; \quad \xi'_2(0) =$$

$$= \sum_{i < k} \left(\begin{vmatrix} p_{ii} & b_{ik} \\ p_{ki} & b_{kk} \end{vmatrix} + \begin{vmatrix} b_{ii} & p_{ik} \\ b_{ki} & p_{kk} \end{vmatrix} \right); \quad \xi'_n(0) = \begin{vmatrix} p_{11} & b_{12} & \dots & b_{1n} \\ p_{21} & b_{22} & \dots & b_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ p_{n1} & b_{n2} & \dots & b_{nn} \end{vmatrix} + \dots + \begin{vmatrix} b_{11} & b_{12} & \dots & p_{1n} \\ b_{21} & b_{22} & \dots & p_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots \\ b_{n1} & b_{n2} & \dots & p_{nn} \end{vmatrix}.$$

Әдебиеттер

1. Като Т. Теория возмущений линейных операторов. – Москва: Мир, 1972. – 740 с.
2. Рид М., Саймон Б. Методы современной математической физики: Том 1. Функциональный анализ. – Москва: Мир, 1977. – 355 с.
3. Ланкастер П. Теория матриц. – Москва: Наука, 1977. – 277 с.

ҚОЗҒАЛМАЛЫ РЕПЕРДЕ ИЛІМІ ТҰРАҚТЫ БЕТТІҢ СЫЗЫҚТЫ ЭЛЕМЕНТІНІҢ ҚАСИЕТТЕРІ

Боранбек К
Ғылыми жетекші: ф-м.ғ.к., доцент Ж.Нұрпейіс
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
e-mail: boranbek.kulzhamila@gmail.com

R^3 кеңістігінде s параметрінен тәуелді $x(s)$ жатық қисығын қарастырайық. Осы қисықтың ілеспе (қозғалмалы) реперін келесі тәсіл арқылы таңдайық: қисықтың $x(s)$ нүктесіндегі жанама бойына $e_1(s)$ векторын орналастырайық, яғни $dm = e_1\theta_1$. Әрі қарай, осылай пффафф формасы $\theta_2 = \theta_3 = 0$. Ал енді e_2 векторын ақырсыз аз de_1 векторының бойына орналастырамыз, онда $\omega_{31} = 0$. Осыдан $de_1 = e_2\omega_{21} + e_3\omega_{31}$ әрқашан орындалатынын көреміз.

Біз осылай өзіміз қалағандай жатық қисықтың қозғалмалы реперін таңдай аламыз және сондықтан бұл Френе қозғалмалы репері деп аталады. Сонда қозғалмалы Френе реперінің деривациялық теңдеуі келесі түрде болады:

$$\begin{cases} dm = e_1\theta_1 \\ de_1 = e_2\omega_{21} \\ de_2 = -e_1\omega_{21} + e_3\omega_{32} \\ de_3 = -e_2\omega_{32} \end{cases}$$

Әдебиеттер тізімі

1. Ефимов Н.В. Введение в теорию внешних форм. – М.: Наука, 1977. – 88с.
2. Малаховский В.С. Введение в теорию внешних форм. – Калининград, 1978 – 84с.
3. Норден, А.П. Теория поверхностей / А.П. Норден. - Москва: Мир, 1987. - 530 с
4. Картан, Э. Метод подвижного репера, теория непрерывных групп и обобщенные пространства / Э. Картан. - Москва: Огни, 2006. - 772 с.

НОРМАЛ ОПЕРАТОРЛАР ҮШІН СПЕКТРАЛДЫҚ ТЕОРЕМА

Бармағамбетов С.М.

Ғылыми жетекші: ф-м.ғ.к. Туленов К. С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

e-mail: saginish.2000@mail.ru

Бұл жұмыста нормал операторлар үшін спектралдық теореманың қойылымы берілген (ақырлы және ақырсыз өлшемді кеңістіктер үшін). Қажетті анықтамалар жинағы:

1. Спектральды теорема дегеніміз - матрицаларды диагоналдауға болатын, яғни белгілі бір базисте диагональды матрица түрінде ұсынылатын жағдайларды беретін сызықтық операторлардың матрицалары туралы теоремалар класы. Бұл теоремалар диагонализацияланған матрицалар үшін тиісті диагональды матрицаларды қолдана отырып, әлдеқайда қарапайым есептеулерге мүмкіндік береді.

2. Егер A операторы қандай да бір ортонормаланған базистегі (e_1, e_2, \dots, e_n) матрицасы диагональды болса ($[A] = (a_{ij})$ мұндағы

$a_{ij} = 0$ егер $i \neq j$), онда берілген оператор диагональданушы деп аталады.

3. A операторы диагональданушы болады сонда тек сонда ғана, егер A операторы нормал болса, яғни $AA^* = A^*A$

4. A – H -та нормаланған және қандай да бір (e_1, e_2, \dots, e_n) базисінде диагональданатын болса, онда ол мынадай түрге ие:

$$A = \sum_{k=1}^n a_{kk}(\cdot, e_k)e_k \quad \text{мұндағы} \quad a_{kk} = (Ae_k, e_k)$$

5. Нормал операторлар үшін функционалдық қисап:

$$\varphi(A) = \sum_{k=1}^m \varphi(\lambda_k)P_k$$

6. Өзіне өзі түйіндес оператор: $A = A^*$

7. Кез келген $a: \Omega \rightarrow C$ функциясы үшін L_2 кеңістігінің функцияларына көбейту - M_a операторын анықтаймыз және мультипликатор деп атаймыз: $M_a f = af$ ($f \in L_2$)

8. Мұндағы $L_2 = L_2(\Omega, \Sigma, \mu)$ гильберт кеңістігі ($\Omega = \{e_1, e_2, \dots, e_n\}$) және Σ - барлық Ω жиыншаларының жиыны; μ - Σ -нің өлшемі)

Әдебиеттер тізімі

1. Трунов Н.В., Спектральная теорема, Издательство Казанского Университета 1989

ПОЗИТИВ ЖАРТЫ РЕТТЕРДІҢ ИНДЕКСТІ ЖИЫНДАРЫ

Мейірбек Қ. Т.

Ғылыми жетекші: PhD Қалмурзаев Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

e-mail: kuanishmeirbek@gmail.com

Егер натурал сандар R қатынасы үшін $\{ \langle x, y \rangle : xRy \}$ жиыны рекурсив саналымды болса, онда R қатынасын позитив қатынас дейді.

A жиыны үшін $[x \in A \ \& \ \varphi_x = \varphi_y] \Rightarrow y \in A$ шарты орындалса A жиынын индексті жиын деп айтамыз. Егер A -тривиальды емес индексті жиын болсын (яғни $A \neq \emptyset, \omega$), онда $K \leq_1 A$ немесе $K \leq_1 \bar{A}$. C қандайта бір жартылай рекурсив функциялардың класы болсын, онда $\{n: \varphi_n \in C\}$ -жиыны рекурсив сонда және тек қана сонда $C = \emptyset$ немесе $C = \omega$ барлық жартылай рекурсив функцияларды қабылдайтын класс.

E, F эквиваленттілік қатынастары үшін мынадай f рекурсив функциясы табылса $xEy \Leftrightarrow f(x)Ff(y)$ E қатынасы F қатынасына c -көшіріледі дейді. Белгіленуі: $E \leq_c F$. R -рекурсив саналымды эквиваленттілік қатынас (ceer-computably enumerable equivalence relation) болсын және $\forall F - ceer$ үшін $F \leq_c R$ болса, R – универсал ceer деп айтады. $\{R_x: x \in \omega\}$ -барлық ceer-лардың тізбегі болсын. $\{x: R_x - universal\ ceer\}$ жиыны Σ_3^0 -толық. $(\Sigma_n^0; \Pi_n^0) \leq_1 (A, B)$ дегеніміз $C - \Sigma_n^0$ толық жиыны үшін $(C, \bar{C}) \leq_1 (A, B)$. R – универсал емес, шексіз класты ceer болсын. Онда $(\Sigma_3^0, \Pi_3^0) \leq_1 (\{i: R_i \equiv_c R\}, \{i: R_i \not\equiv_c R \ \& \ R \not\equiv_c R_i\})$.

Әдебиеттер тізімі

1. Andrews U. et al. Universal computably enumerable equivalence relations //The Journal of Symbolic Logic. – 2014. – С. 60-88.
2. R. I. Soare, Recursively Enumerable Sets and Degrees, Perspectives in Mathematical Logic, Omega Series, Springer-Verlag, Heidelberg, 1987.

УНИВЕРСАЛ n -В.П. ПРЕДПОРЯДОКТАР

Машай О.

Ғылыми жетекші: ф-м.ғ.д., профессор Бадаев С.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

e-mail: orlik19or@mail.ru

Бұл мақалада n -р.с. предпорядоктардың есептелімді келтірімділікке қатысты құрылымы туралы айтылады. R бинарлық қатынас S ке есептелімді келтіріледі дейміз(белгіленуі $R \leq_c S$), егер барлық $x, y \in \omega$ үшін $xRy \Leftrightarrow f(x)Sf(y)$ болатындай f есептелімді функция табылса. Есептелімді келтірімділікке қатысты 1 р.с. эквивалентті қатынастардың құрылымы А. Сорби, У.Эндрюс, С.А.Бадаев, Н.А.Баженов и т.д. [2], [3] еңбектерінде жақсы зерттелген. [1] жұмысынан кез-келген n үшін универсал n -р.с. эквивалентті қатынастардың бар екендігі белгілі. Және де, [1] жұмысында әлсіз предтолық n -р.с. эквивалентті қатынастардың бар екендігі дәлелденеді. Е эквиваленттілік әлсіз предтолық болады, егер барлық $n \in \omega$ үшін

$$\varphi_n - total \rightarrow fix(n) \downarrow \& fix(n)E\varphi_n(fix(n))$$

орындалатын fix есептелімді функция табылса. n -р.с. эквивалентті қатынастардың құрылымын зерттеу n -р.с. эквивалентті қатынастардың құрылымы р.с. эквивалентті қатынастардың құрылымынан өзгеше екендігін көрсетті. Мысалы, құрылымы р.с. эквивалентті қатынастардың құрылымында кез келген ақырлы ақырлы қатынастар бір бірімен салыстырымды, ал n -р.с. эквивалентті қатынастар құрылымында үшін бұл тұжырым дұрыс емес.

Теорема. Кез-келген $n \geq 1$ үшін универсал n -р.с. предпорядок бар. Және де, барлық n -р.с. предпорядоктардың үйірінің универсал n -есептелімді номерациясы табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Баженов Н. А., Калмурзаев Б. С. О слабо предполных отношениях эквивалентности в иерархии Ершова // Сиб. мат. журн. 2018.
2. Бадаев С. А. О слабо предполных позитивных эквивалентностях // Сиб. мат. журн. 1991. Т. 32, № 2. С. 166-169.
3. Andrews U., Badaev S., and Sorbi A. A survey on universal computably enumerable equivalence relations // Computability and Complexity / Lect. Notes Comput. Sci. V. 10010. Eds. A. Day, M. Fellows, N. Greenberg, B. Khoussainov, A. Melnikov, and F. Rosamond. Cham: Springer, 2016. P. 418-451.

TWO-DIMENSIONAL LEFT-WEAK LEIBNIZ ALGEBRAS

Tulenbaev, K.M.^{1,a}, Kunanbayev A.K.^{2,b}

¹ Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan

² Al-Farabi Kazakh National University

e-mail: ^akaysart1@mail.ru, ^bkunanbayev@math.kz

A nonassociative algebra A over a field K is called a Left-weak Leibniz algebras if it satisfies the following identity: $(t_1 t_2 - t_2 t_1) t_3 = 2 t_1 (t_2 t_3) - 2 t_2 (t_1 t_3)$.

Left-weak Leibniz algebras were introduced by A. S. Dzhumadil'daev in [1].

Theorem 1. $\dim A^2 = 1, A = \text{lin} \langle e_1, e_2 \rangle$

$$\begin{aligned} e_1 e_1 &= \alpha_1 e_1 \\ e_1 e_2 &= \sqrt{\alpha \theta} e_1 \\ e_2 e_1 &= \sqrt{\alpha \theta} e_1 \\ e_2 e_2 &= \theta e_1 \end{aligned}$$

Remark. Algebra $A(\alpha, \theta)$ must be commutative and associative.

Theorem 2. $\dim A^2 = 2, A = \text{lin} \langle e_1, e_2 \rangle$

$$\begin{aligned} e_1 e_1 &= \alpha_1 e_1 + \alpha_2 e_2 \\ e_1 e_2 &= \beta_1 e_1 + \beta_2 e_2 \\ e_2 e_1 &= \gamma_1 e_1 + \gamma_2 e_2 \\ e_2 e_2 &= \theta_1 e_1 + \theta_2 e_2 \end{aligned}$$

We have 3-parametric algebra $A(\alpha_2, \beta_2, \theta_1)$ $\beta_1 = \gamma_2 = 0$ and $\gamma_1 = -2\theta_1$ and 4-parametric algebra $A(\beta_1, \gamma_1, \theta_1, \theta_2)$

$$\begin{aligned} \alpha_1 &= \frac{-\beta_2 \gamma_1 + \gamma_2 \gamma_1 + 2\theta_2 \beta_1 - 2\beta_1 \gamma_1 - 2\beta_2 \theta_1}{\beta_1 - \gamma_1 - 2\theta_1} \\ \alpha_2 &= \frac{-\beta_2 \gamma_2 + \gamma_2 \gamma_2 - 2\beta_1 \gamma_2}{\beta_1 - \gamma_1 - 2\theta_1} \\ \beta_2 &= \frac{\gamma_2 \theta_1 + 2\theta_1 \alpha_1 + 2\beta_1 \theta_2 - \beta_1 * \beta_1 - \beta_1 \gamma_1}{3\theta_1} \end{aligned}$$

$$\gamma_2 = 3(5\beta_1 - 3\theta_1 - \gamma_1 + \theta_2)^{-1} (\theta_1 \alpha_2 + (\gamma_1 - \theta_2 - \beta_1) * (2\theta_1 \alpha_1 + 2\theta_2 \beta_1 - \beta_1 \beta_1 - \beta_1 \gamma_1)) (\theta_1)^{-1}$$

Funding: The first author is supported by the MES RK grant AP08855944.

Key words: Nonassociative algebras, Leibniz algebras.

2010 Mathematics Subject Classification: 16R10, 17A30, 17D25, 17C50

References

1. S. Dzhumadil'daev Associative-admissible algebras, *Annual International April Mathematical Conference Thesis*, (2020), 13-14

КОШИ ТИПТЕС ИНТЕГРАЛ. ОНЫҢ ШЕКТІК МӘНДЕРІ. СОХОЦКИЙ-ПЛЕМЕЛЬ ФОРМУЛАЛАРЫ, ҚОЛДАНЫСТАРЫ

Мустафаева Г.

Ғылыми жетекші: ҰҒА академигі Блиев Н.К.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
e-mail: mustafaeva.g00@gmail.com

Коши типтес интеграл деп

$$\Phi(z) = \frac{1}{2\pi i} \int_L \frac{\varphi(\tau)}{\tau - z} d\tau$$

түріндегі интегралды айтамыз, мұндағы $\varphi(\tau)$ функциясы оның тығыздығы, ал $\frac{1}{\tau - z}$ – ядросы деп аталады. Коши типтес интегралы L толығымен жазықтықтың соңғы бөлігінде орналасқан тегіс тұйық немесе тұйық емес контур бойынша алынған. Бұл интеграл комплекс айнымалы аналитикалық функциялар теориясының шекаралық есептерін шешу үшін қажет.

Сохоцкий-Племель формулалары келесі түрде болады:

$$\begin{aligned}\Phi^+(t) &= \frac{1}{2} \varphi(t) + \frac{1}{2\pi i} \int_L \frac{\varphi(\tau)}{\tau - t} d\tau, \\ \Phi^-(t) &= -\frac{1}{2} \varphi(t) + \frac{1}{2\pi i} \int_L \frac{\varphi(\tau)}{\tau - t} d\tau\end{aligned}$$

Бұл формулалар ең алдымен 1873 жылы орыс математигі Ю.В.Сохоцкий мен 1908 жылы Риман-Гильберт есебінің шешуі үшін қайтадан ашқан Иосиф Племельдің есімдерімен аталды. Сохоцкий-Племель формулалары кванттық физикада және кванттық өріс теориясында интегралды бағалауда қолданылады.

Қазіргі таңда комплекс айнымалы аналитикалық функциялар теориясының шекаралық есептерін шешу үшін қолданылатын Коши типтес интеграл мен оның жалпылауларына Гельдер бойынша үзіліссіз класында көптеген тұжырымдар жасалған. Егер L -тегіс қисығының кез келген екі нүктесі үшін имени α

$$|\varphi(t_2) - \varphi(t_1)| = A|t_2 - t_1|^\alpha$$

онда $\varphi(\tau)$ - осы қисық нүктелерінің функциясы қисықта Гельдер шартын қанағаттандырады дейміз. Бұл жұмыста Гельдер шартын қанағаттандыратын функцияларға кеңірек түсініктер енгізу, яғни Никольский-Бесов класына көшіру қарастырылады. Никольский-Бесов бөлшек кеңістігі

$B_{p,\theta}^l, 1 < p < \infty, 1 \leq \theta \leq \infty, l > 0$ – кез келген бүтін немесе бөлшек сан.

Никольский-Бесов класының ерекшелігі функция Гельдер бойынша үзіліссіз болуы қажетті емес, функция жай үзіліссіз және бөлшек индекстері бар функциялар кеңістігінде зерттеледі. Бұл кеңістікке көшіру арқылы осы класстың болашақта қолдану аймағының кеңеюіне, сондай-ақ шекаралық есептерді бөлшек кеңістігінде шешуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Гахов Ф.Д. Краевые задачи.- М.: Государственное издательство физико-математической литературы, 1958, 16-20- с., 37-39-с.
2. Блиев Н.К. Обобщенные аналитические функции в дробных пространствах, Алма-Ата: Наука, 1985,5-9-с.

ЭЛЛИПСТИК ТЕКТИК БІРІНШІ РЕТТІ ТЕНДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІНІҢ ШЕШІМДЕРІН ГАРМОНИЯЛЫҚ ФУНКЦИЯЛАР АРҚЫЛЫ ӨРНЕКТЕУ

Башар Н.Е.

Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.к. профессор Тоқыбетов Ж.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

e-mail: bashar.nazerke@mail.ru

Эллипстік теңдеулердің ең қарапайым әрі маңыздыларының бірі

$$\frac{\partial^2 U}{\partial x_1^2} + \frac{\partial^2 U}{\partial x_2^2} + \dots + \frac{\partial^2 U}{\partial x_m^2} = f(x), x \in \Omega \subset R^m, \quad (1)$$

Пуассон теңдеуі. Егер $f(x) = 0$ болса, онда

$$\frac{\partial^2 U}{\partial x_1^2} + \frac{\partial^2 U}{\partial x_2^2} + \dots + \frac{\partial^2 U}{\partial x_m^2} = 0 \quad (2)$$

теңдеуін Лаплас теңдеуі деп аталады.

Егер $U(x) \in C^2(\Omega)$ функциясы шектеулі Ω аймағында Лаплас теңдеуін қанағаттандырса оны гармониялық функция деп атайды. Лаплас теңдеуінің шешімін табайық. Ол үшін координаттардың

$$x_j = \sum_{k=1}^m \alpha_{jk} \xi_k, \quad (\alpha_{jk} \alpha_{ik} = \delta_{ji}, \alpha_{jk} \alpha_{jl} = \delta_{kl})$$

ортогонал түрлендіруін жасаймыз. Онда $\xi_k = \sum_{j=1}^m \alpha_{jk} x_j$ ал

$$\frac{\partial u}{\partial \xi_j} = \sum_{k=1}^m \frac{\partial u}{\partial \xi_k} \cdot \frac{\partial \xi_k}{\partial x_j} = \sum_{k=1}^m \alpha_{jk} \frac{\partial u}{\partial \xi_k}, \quad \frac{\partial^2 u}{\partial x_j \partial x_i} = \sum_{k=1}^m \sum_{l=1}^m \alpha_{jk} \alpha_{il} \frac{\partial^2 u}{\partial \xi_k \partial \xi_l}.$$

Енді $i = j$ деп қосындыласақ ,

$$\Delta_x u = \sum_{k=1}^m \sum_{l=1}^m \alpha_{jk} \alpha_{jl} \frac{\partial^2 u}{\partial \xi_k \partial \xi_l} = \sum_{k=1}^m \sum_{l=1}^m \delta_{kl} \frac{\partial^2 u}{\partial \xi_k \partial \xi_l} = \Delta_\xi u.$$

Сонымен, Лаплас операторы координат осьтерін ортогонал түрлендіруі бойынша инвариантты екенін көрсетеміз. Лаплас теңдеуінің $r = |x - y|$ айнымалысынан тәуелді шешімін іздейміз. Яғни $\varepsilon_m(x, y) = u(r)$ десек, онда

$$\frac{\partial u}{\partial x_k} = u'(r) \frac{\partial r}{\partial x_k} = \frac{x_k - y_k}{r} u'(r),$$

$$\frac{\partial^2 u}{\partial x_k^2} = \frac{(x_k - y_k)^2}{r^2} u''(r) + \left(\frac{1}{r} - \frac{(x_k - y_k)^2}{r^3} \right) u''(r).$$

Соңғы теңдікті қосындыласақ,

$$\Delta U = U''(r) + \frac{m-1}{r} U'(r) \quad (3)$$

Сондықтан Лаплас теңдеуінің іргелі шешімі

$$\varepsilon_m(x, y) = \frac{1}{(m-2)|S_1|} r^{2-m}, \quad m \geq 3, \quad \varepsilon_2(x, y) = -\frac{1}{2\pi} \ln \frac{1}{r}.$$

болады.

Әдебиеттер

1. Бицадзе А.В. Краевые задачи для эллиптических уравнений второго порядка. М.: 1966, - 204 с.

ШТУРМ-ЛИУВИЛЛЬ ТЕНДЕУІ ҮШІН ПЕРИОДТЫ ЕСЕПТЕ ЖОРДАН ҰЯШЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Әбибулла А.Ж

Ғылыми жетекшісі: . ф.-м.ғ.д., профессор Б.Е. Кангужин

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

e-mail: aabibulla367@gmail.com

Екінші реті біртекті емес дифференциалдық теңдеу $0 < x < 1$ аралығына берілсін:

$$-y'' + q(x)y(x) = -\lambda y(x) + f(x) \quad (1)$$

$$y'(0) - y'(1) = 0, \quad y(0) - y(1) = 0 \quad (2)$$

Берілген $q(x) > 0$, $0 < x < 1$ үзіліссіз функция. (1)-(2) Штурм – Лиувилль периодты есебі деп аталады.

Теорема.1 Егер $q(x)$ нақты мәнді үзіліссіз функция болса, Штурм – Лиувилль периодты есебінің меншікті мәндері $\lambda_1 \leq \lambda_2 \leq \lambda_3 \leq \dots \leq \lambda_n \leq \dots$ шексіз көп және нақты меншікті мәндері бар.

Меншікті мәндердің ең кішісі λ_1 , ал функциясының минимумы мен максимумы келесідей беріледі, $\min_{0 \leq x \leq 1} q(x) = a$, $\max_{0 \leq x \leq 1} q(x) = A$. $a = \lambda_1 \leq \lambda_2 \leq \lambda_3 \leq \dots \leq \lambda_n \leq \dots$ берілген тізбек төменен шенелген және шексіздікке ұмтылады.

Егер, $q(x) = \operatorname{Re} q(x) + i \operatorname{Im} q(x)$ функциясы комплекс сан болса онда меншікті функциялар және қосалқы функциясының түрінің берілуі. Штурм-Лиувилль теңдеуі үшін периодты есептің меншікті мәніне комплекс сан болады және Жордан ұяшықтарның меншікті мәндеріне сәйкес меншікті функциялары мен қосалқы функцияларының анықталуы көрсетіледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Наймарк М. А. «Линейные дифференциальные операторы». Издательства «Наука», главная редакция физико-математической литературы. Москва. 1969
2. Б. М. Левитан, М. Г. Гасымов «Определение дифференциального уравнения по двум спектрам». УМН, 19:2(116) (1964), 3–63
3. Колмогоров А. Н., Фомин С. В. «Элементы теории функций и функционального анализа». Издательства «Наука», главная редакция физико-математической литературы. Москва. 1976

ТОЛЫҚ АБЕЛДІК ТОПТАР ТЕОРИЯСЫНДА КВАНТОРЛАРДЫ ЭЛИМИНАЦИЯЛАУ

Баймбетова А.А.

Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.к, Досанбай П.Т.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
e-mail: baymbetovaa.99@mail.ru

Толық Абелдік топ теориясында кванторларды элиминациялау болатынын және бөлінетін реттелген Абел топтарының теориясында кванторларды элиминациялауды өзіндік ерекшелітері бар екенін көрсетеміз. Біз $L = \{+, -, 0\}$ тілінде жұмыс жасау ыңғайлы болады (міндетті емес), себебі бұл тілде топтардың ішкі құрылымдары топтар болып табылады. Ал, $\{+, 0\}$ тілінде ішкі құрылымдар жартылай топ болып табылады.

Лемма1. G және H – тривиалды емес, бөлу орындалатын иірімсіз Абелдік топтар болсын. $G \in H$, $\psi(\bar{v}, w)$ – кванторсыз формула, $\bar{a} \in G, b \in H$ және $H \models \phi(\bar{a}, b)$. Онда $G \models \phi(\bar{a}, c)$ болатындай G табылады (мұндағы $c \in G$).

Лемма2. G -иірімсіз Абелдік топ болсын. Онда, G дің бөлу орындалатын қабығы деп аталатын, бөлу орындалатын иірімсіз Абелдік H және $i: G \rightarrow H$ енгізуі орындалатын тобы табылады. $i: G \rightarrow H$ енгізуімен бірге, екінші бір $j: G \rightarrow H'$ енгізуі болса, онда $j = h \circ i$ теңдігі орындалатындай, $h: H \rightarrow H'$ бейнелеуі табылады.

Теорема1 Толық Абелдік топтар теориясында кванторларды элиминациялай аламыз.

Анықтама1. $M \models T$ болатындай кез келген M структурасының анықталымды ішкі жиындары ақырлы немесе коақырлы (cofinite) болса, онда L – тілінің T теориясы өте минималды деп аталады.

Салдар1. Толық Абелдік топтар теориясы өте минималды.

Салдар2. L тілінің T теориясы :

i) T теориясының алгебралық тұйық жай моделі болсын,

ii) $M \subseteq N$ структуралары T теориясының моделдері болса, $M \prec_s N$, болады..

Онда, T теориясында кванторларды элиминациялауға болады.

Анықтама2. L тілінің $M \subseteq N$ және $M, N \models T$ структуралары үшін әрқашан $M \prec N$ болса, онда T теориясы моделді толық деп аталады..

Басқаша айтқанда баяндауға егер барлық енгізулер элементар болса, онда T теориясы моделді толық деп айтамыз.

Ұсыныс1. Егер T теориясында кванторларды элиминациялауға болса, онда ол моделді толық болады.

Ұсыныс2. T теориясы моделді толық және T теориясының барлық моделіне енетін $M_0 \models T$ болатын M_0 моделі табылса, онда T толық теория болады.

Әдебиеттер тізімі

1. П.Т. Досанбай, Математикалық логика. Алматы, Дәуір, 2011
2. W. Hodges, Model Theory. Cambridge, CUP, 1993

КЕЗДЕЙСОҚ ГРАФТЫҢ ЭРДЕШ- РЕНЬИ МОДЕЛІ

Абетай А.А

Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.к, Досанбай П. Т.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
e-mail: aizhankk5@gmail.com

$N \in \mathbb{N}, 0 \leq p \leq 1$ болсын. Тұзағы жоқ бағытталмаған графтардың $\Omega_N = \{G = (V_N, E)\}$ жиыны мен төбелері бар еселі қабырғалардың $V_N = \{1, 2, \dots, N\}$ жиының қарастырайық. Кездейсоқ графтың Эрдеши – Реньи моделі- Ω_N жиынында мәнделі бар $G(N, p)$ кездейсоқ элементі және $F_N = 2^{\Omega_N}$ -ды $P_{N,p}$ -ға бөлу арқылы анықталған формула

$$P_{N,p}(G) = p^{|E|}(1-p)^{C_N^2 - |E|}$$

Басқаша айтқанда, $G(N, p)$ графының кез келген әртүрлі екі төбелерінің қалған басқа төбелерінің қатысуынсыз p ықтималдығымен қабырғамен қосылуы. Алдағы уақытта біз, N төбесінің санына байланысты p ықтималдығын қарастырамыз (бұл жағдайда $P_{N,p(N)}$ ықтимал шамаларының орнына $P_{N,p}$ қолданамыз), сонымен қатар бізді $N \rightarrow \infty$ болғандағы кездейсоқ графтардың ықтималдылық қасиеттерінің асимптоталық мінез-құлқы қызытырады.

Кездейсоқ графтың Эрдеши -Реньи моделі ішкі графтың жеке жағдайы болып табылады. $H = (V, E)$ -тұзағы жоқ және еселі қабырғалы $0 \leq p \leq 1$ ерікті граф болсын. Жиыны $\Omega_H = \{\tilde{H} = (V, \tilde{E}), \tilde{E} \in E\}$ болатын H барлық қосалқы ішкі гытардың графын қарастырайық. Кездейсоқ ішкі графтың H графы деп Ω_H жиынының $g(H, p)$ кездейсоқ элементі және $F_H = 2^{\Omega_H}$ -ды $P_{H,p}$ -ға бөлу арқылы анықталған формула: $P_{H,p}(\tilde{H}) = p^{|\tilde{E}|}(1-p)^{|E| - |\tilde{E}|}$

Егер H N төбелерінің толық графы болса, онда $G(H, p) = G(N, p)$ екені анық.

Теорема (Ердеши -Реньи). G -теңестірілген граф болсын. Онда $p = N^{-1/p(G)}$ функциясы $G(N, p)$ графының шегі болады және G графының қасиеттерінің көшірмесін қамтиды.

Енді G -ерікті граф болсын. Онда $\rho^{max}(G) = \max_{H \in G} \rho(H)$

Әдебиеттер тізімі

1. П.Т. Досанбай, Математикалық логика. Алматы, Дәуір, 2011
2. Случайные графы: модели и предельные характеристики, М. Е. Жуковский, А. М. Райгородский

ГРЕБНЕР ИДЕАЛЫНЫҢ РЕДУКЦИЯЛАНҒАН БАЗИСІ

Абдиева А. Б.

Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.к, Досанбай П. Т.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ университеті

e-mail: abdieva_ak@mail.ru

Нөлдер туралы әлсіз теореманы $K=C$ жағдайында “бірнеше айнымалылардағы көпмүшеліктер үшін алгебраның негізгі теоремасы” деп атауға болады. $C[x_1, \dots, x_n]$ кем идеал тудыратын әрбір көпмүшелер жүйесі C^n де ортақ нөлге тең болады. Нөлдер туралы әлсіз теорема үйлесімділік есебін шешуге мүмкіндік береді. Ол үшін біз көпмүшелер жүйесінің C^n де шешімі бар – жоғын анықтап алайық:

$$f_1 = 0,$$

$$f_2 = 0,$$

...

$$f_s = 0.$$

$V(f_1, \dots, f_s) = \emptyset$ болғанда берілген жүйенің ешқандай шешімі болмайды. $1 \in \langle f_1, \dots, f_s \rangle$ жағдайында ғана нөлдер туралы әлсіз теорема бойынша шешімі табылады.

{1} Кез-келген мономиалды реттеу- $\langle 1 \rangle$ Гребнер идеалының негізгі редукцияланған базисі болады.

Бұны дәлелдейік. $\{g_1, \dots, g_t\}$ - $\langle 1 \rangle$ Гребнер идеалының базисі болсын. Сондай-ақ,

$1 \in \langle LT(I) \rangle = \langle LT(g_1), \dots, LT(g_t) \rangle$. 1 кез-келген $LT(g_i)$ бөлінеді, мысалы $LT(g_1)$ -ге бөлінеді. Бірақ, содан кейін $LT(g_1), \dots, LT(g_t)$ $LT(g_1)$ -ге бөлінеді және $\{g_1, \dots, g_t\}$ базисінен жойылуы мүмкін. Соңында, $LT(g_1)$ - тұрақты болғандықтан, g_1 - тұрақты болады, себебі кез келген тұрақты емес мином > 1 . Сәйкес тұрақтыға көбейту арқылы біз $g_1 = 1$ деп аламыз, осылайша Гребнер идеалының редукцияланған базисі $\langle 1 \rangle$ бір ғана элементтен тұрады, яғни ол {1}.

Нәтижені жинақтайық. Біз үйлесімділікті тексерудің келесі алгоритмін құрдық: бізге $f_1, \dots, f_s \in C[x_1, \dots, x_n]$ көпмүшелігі берілсін. Біз кез-келген реттеуге қатысты осы көпмүшеліктер тудыратын Гребнер базисін табамыз. Егер бұл базис {1} болса, онда $f_1 = \dots = f_s = 0$ жүйесінде шешімі болмайды; ал кері жағдайда бұл жүйенің C^n -де шешімі болады. Бұл алгоритм кез-келген алгебралық тұйықталған өрісте орындалады.

Егер k -алгебралық тұйықталған өріс болмаса, онда бұл алгоритм бір бағытта орындалады: егер {1} - $\langle f_1, \dots, f_s \rangle$ Гребнер идеалының редукцияланған базисі болса, онда $f_1 = \dots = f_s = 0$ жүйенің шешімі болмайды.

Егер k -алгебралық тұйықталған өріс болса, онда аффиндік көпбейнелер мен идеалдар арасындағы бір-біріне сәйкестік болатынын нөлдер туралы әлсіз теорема анықтап көрсетеді. Өкінішке орай, $V(x) = V(x^2) = \{0\}$ мысалы кез-келген өрісте орындалады. Сол сияқты, $\langle x^2, y \rangle$ және $\langle x, y \rangle$ ($\langle x^m, y^n \rangle$ кезінде $m \geq 1, n \geq 1$) - әртүрлі идеалдар, бірақ олар $\{(0,0)\} \in k^2$ нүктесінде бірдей көпбейнелерді анықтайды.

Бұл мысалдар әртүрлі идеалдар бірдей көпбейнелерді анықтаудың негізгі себебін көрсетеді: бастапқы көпмүше нөлге тең болғандықтан, көпмүшенің дәрежесі сол жиында нөлге тең болады. Гильберттің нөлдер туралы теоремасы – алгебралық тұйықталған өрісте әртүрлі идеалдардың бір көпбейнені анықтаудың жалғыз себебі деп тұжырымдалады. Егер f көпмүшелігі $V(I)$ көпбейнесінің барлық нүктелерінде нөлге тең болса, онда оның кейбір дәрежесі I -ға тиесілі болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Кокс Д., Литтл Дж., О’Ши Д. Идеалы, многообразия и алгоритмы. Введение в вычислительные аспекты алгебраической геометрии и коммутативной алгебры.

ФЕРМАНЫҢ ФАКТОР-БАЗА ӘДІСІ

Сейдахан Б.А.

Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.к, Досанбай П. Т.
 Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
e-mail: seidakhanbaibolat055@gmail.com

